



ҮЙІНЕ КӨШТІҢ БЕ,  
ҮЛЕСКЕР?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ОТБАСЫНДАҒЫ  
ОЙРАН – ҚАСІРЕТ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТҮРКИЯНЫ АЛҒАШ  
ТАНЫҒАН – АЛАШ

8-БЕТ | ҚОҒАМ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЗАҢСЫЗДЫҚ, ТӘРТІПСІЗДІК, МӘДЕНИЕТ-  
СІЗДІК ЕЛДІ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ. МҰНДАЙ  
ЖАҒЫМСЫЗ ҮРДІСКЕ БҮКІЛ ҚОҒАМ БОЛЫП  
ҚАРСЫ ТҰРУЫМЫЗ КЕРЕК. АЛ ТӘРТІПКЕ  
БАҒЫНҒАН ҚОҒАМ ӨРКЕНИЕТТІ БОЛАДЫ.  
БҮЛ – ЗАҢДЫЛЫҚ, ӘР АЗАМАТ ЕЛІМІЗДІҢ  
ЗАҢЫН ҚҰРМЕТТЕСЕ, БЕРЕКЕ-БІРЛІК ТЕ,  
БАҚУАТТЫ ТҰРМЫС ТА БОЛАДЫ.

№136  
(4569)  
Бейсенбі  
16 қараша  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Ұлттық валютаның 30 жыл-  
дығына орай елімізде жаңа  
мерейтойлық банкноттар  
айналымға шығады.

Номиналы 500, 1000, 2000, 5000,  
10000 және 20000 теңгелік жаңа  
банкноттар «Сақ стилі» элементіне  
негізделіп жасалған.

«Банкноттарды айналымға қатар  
шығару және айырбастау тәртібі  
туралы жаңа дизайндағы банкнот-  
тар шығарылғаннан кейін алдыңғы  
үлгідегі банкноттар айналымнан  
біртіндеп алына бастайды. Ұлттық  
Банк ескі және жаңа үлгідегі банк-  
ноттардың айналымда қатар жүру  
мерзімін 1 жыл деп белгілейді, ол  
қажет болған жағдайда ұзартылуы  
мүмкін» делінген Ұлттық Банктің  
хабарламасында.



Кеше эвакуацияның бірінші  
кезеңі жүзеге асырылып,  
нәтижесінде «Рафах» бақы-  
лау-өткізу пункті арқылы Газа  
секторынан Мысыр аумағына  
92 Қазақстан азаматы мен  
олардың отбасы мүшелері  
өтті. Бұл туралы ҚР СІМ баспа-  
сөз қызметі мәлім етті.

«Қазақстандық дипломаттар отан-  
дастарымызға барлық қажетті консул-  
дық-құқықтық және психологиялық  
көмек көрсетті. Шекарадағы рәсім-  
дерден кейін біздің азаматтарымыз  
колонна құрамында жолға шықты  
және жақын арада Каир қаласына  
жетеді» делінген ресми хабарламада.

Отандастарымызды анклаван  
эвакуациялау бойынша жұмыс  
жалғасады.

Сұлтан СЕЙІТ



## «ҚОЛЖЕТІМДІ СПОРТ»: ЖАТТЫҒУ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Астанада «Қолжетімді спорт» жобасы қайта  
басталды. Елорда тұрғындары үшін қала-  
ның саябақтары мен спорт кешендерінде  
спорттың 5 түрінен тегін жаттығулар өтеді.

Жаттығулар үстел теннисі, скандина-  
вия жүрісі, жүгіру, каратэ және фитнес  
сынды 5 спорт түрінен қолжетімді бола-  
ды. Аптасына 2 рет ұйымдастырылатын  
жаттығуларды білікті бапкерлер мен  
нұсқаушылар өткізеді. Жаттығу кестесі

жобаның @dostupnyi\_sportkz Instagram  
парақшасында, сондай-ақ @dostupnyi\_  
sportkz Telegram арнасында ұсынылған.  
Жаттығуға шығайық, денсаулықты  
шындайық, сергек болуға ұмтылайық!

**АСТАНА АРЕНА**  
17.11.2023  
EURO 2024  
GERMANY

**ҚАЗАҚСТАН VS АРМЕНИЯ**

**ФУТБОЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ҮШІН КЕЛЕСІ ТҰРАҚТАРДАН  
АРНАЙЫ АВТОБУСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ:**

- «АСТАНАЛЫҚ ЦИРК»;
- «ҚАЗАҚСТАН» СК;
- «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕШІТІ;
- «ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ» МЕШІТІ;
- «ЖАСТАР» САРАЙЫ.

**ЖҮРУ УАҚЫТЫ: САҒАТ 19:30.**

## ДИМАШ - БЕЙБІТШІЛІК ДӘНЕКЕРІ

Димаш Құдайбергеннің жанкүйерлері өткізіп жатқан  
жоба Нью-Йорктегі Таймс-скверде көрсетіледі.

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі  
Димаштың жанкүйерлері жер бетін-  
де бірлік пен бейбітшілікті нығайтуға  
бағытталған акцияға жиналды. Қазіргі  
уақытта жобаға әншінің қазақстандық  
50-ден аса фан-клубы қатысып жатыр.  
1 жылдан астам уақыт бұрын La Ega  
Dimash фан-клубының бастамасымен  
«Dears for Peace» қауымдастығы құрылды.  
Осы қауымдастық аясында Димаштың  
жанкүйерлері жаңа бастамаға – «Бір

аспан астында – біз бейбіт-  
шілікті таңдаймыз» деген  
жазуы бар әмбебап футболка  
жасауға барлық Dears-ты тарту  
идеясын ұсынған. Бұл ұран кез келген  
тілде жазылады.

Әрі қарай барлық Dears өздерінің  
футболкасын киіп, бейнебаянын жа-  
зады да, оны жаңа жыл қарсаңында  
Нью-Йорктегі Таймс-скверден әлем  
жұртшылығына көрсетеді.



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 499.48 \$ USD/KZT 467.9 ₺ RUB/KZT 5.08 ¥ CNY/KZT 64.17

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ЖАСЫЛ ШАҢАРҒА АЙНАЛА АЛАМЫЗ БА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында елорданы дамыту мәселелері бойынша өткізген кеңесте алдағы бес жылда бас қаланы жасыл шаһарға айналдыру туралы тапсырма бергені мәлім.

«Дұрыс күтім болмаған соң, қала аумағындағы көшеттер құрап жатыр. Көгалдандыру кезінде отырғызылатын жасыл желектің 10 пайызы ғана – көпжылдық өсімдіктер. Бір маусымдық гүлдерге жыл сайын шығындану – қаржыны желге шашу деген сөз. Әкімдікке үш жылдың ішінде көпжылдық өсімдіктердің үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуді тапсы-

рамын» деді сол жиында Президент. Жуырда Астана әкімі Жеңіс Қасымбек пен Сенат депутаттарының қатысуымен өткен жұмыс тобының отырысында Президент берген тапсырмалардың іске асуы талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ақпарат таратты. «Жұмыс тобының отырысында

ағаштарды суару үшін суды қайта өңдеу мәселелерін талқылады. Биыл Астанада миллионға жуық бұта мен ағаш отырғызылды. Олардың жартысы қалада, екіншісі қаланың «өкпесі» – Астананың жасыл белдеуінде орналасты. Тұрғын үй учаскелерінің аумағында көшеттерді отырғызу 2,5 есеге ұлғайды. Тұрғын үй салушы компаниялар 100 мыңға жуық ағаш пен бұта отырғызды. Әзірге 11 нысанда, соның ішінде ашық көздерден сарқынды судың жергілікті бекетін орнату бойынша жұмыс жүргізілуде» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## БАЛАНЫ БУЛЛИНГТЕН ҚАЙТСЕК ҚОРҒАЙМЫЗ?



Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқарманың бас-тамасымен «Қазіргі қоғамдағы буллинг мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Аталған іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің кәметке толмағандар ісі жөніндегі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия мүшелері, Астана қаласы діни бірлестіктер өкілдері және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы қаңтарда VII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында балалардың құқығын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және буллингтің алдын алу мәселелерін шешу үшін шаралар қабылдау қажеттігі туралы айтқаны белгілі.

Діндерді зерттеу орталығының теологы Арман Нұрахметұлы жүргізіп отырған жиынға Астана қаласы Дін істері басқармасының бас маманы Жанар Мұхамеджан, Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығы психо-

логиялық сүйемелдеу бөлімінің әдіскері Талжібек Сатымбекова, «Қадір-қасиет» адам құқығы фокус: әйелдер мен балалар жобасының үйлестірушісі Таңат Есенғұлов, Бас мұфтидің кеңесшісі Бижігіт Қойшыев, Успен кафедралды соборының ключары Дмитрий Байдек, «Астанадағы Қасиетті Мәриям рим-католик архиепархиясы» ДБ өкілі Петр Пытлованы, «Астана қаласы «Агале» Қасиетті Елуліктің Христиандық Шіркеуі» ЖДБ басшысы Игорь Цай, ҰЕҰ өкілдері, тағы басқалар қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысқандар бұл тақырыптың ерекше маңызын, оның қоғамдағы бірлік пен игілікті сақтаудағы алатын ерекше рөлін атап өтті.

– Қазіргі қоғамдағы буллингтің алдын алу мәселесі үлкен маңызға ие, өйткені оның салдары адамның жеке тұлғалық дамуына тікелей теріс әсер етуде. Буллинг – бұл қазіргі таңдағы өте өзекті мәселенің бірі. Қазақстанда әрбір үшінші жасөспірім буллингтің құрбанына айналады. Буллинг физи-

калық күш көрсетуден ғана тұрмайды. Көбінесе психологиялық қысым көрсетеді: жаман сөздер айту, қорлау, келемеждеу, өсек пен өтірік сөздер тарату және шеттетуден тұрады. Бала жанындағы құрдастарынан алшақтап, өзін жалғыз сезініп суицидке баруы мүмкін. Буллинг мәселесіне Мемлекет басшысы ерекше мән беріп отырғаны аян. Сондықтан бүгінгі отырғысымыз мемлекетіміздің болашағына, халқымыздың, балаларымыздың физикалық қана емес, сонымен қатар, менталды денсаулығына бағытталған, – деді Жанар Мұхамеджан.

Дөңгелек үстелге қатысқан спикерлер қоғамда белең алған бұл проблеманың қауіптілігін және тез арада қоғам болып мұның алдын алу әрекетін сөз етті. Отырыстың қорытындысы бойынша балалардың құқығын қорғауға тікелей байланысты барлық көрсетілген мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді. Оған қатысушылар балаларды қорқытып-үркітуге тыйым салып, оны әр мектептің жарғысында бекіту керек деген ортақ пікірге келді. Бірінші кезектегі міндет – оқушылар арасында құқықтық білімді арттыру.

**Қытайда көлік экспорты күрт өсті.**

Сұраныстың артқаны соншалық, шетелге шығарылған темір тұлпар саны 500 пайызға артқан. Әсіресе электромобильдерге тапсырыс көп. Ал олардың бәрі Қазақстан арқылы тасымалданып жатыр. Кейінгі 9 айда Қытай елі Қазақстан арқылы 200 мыңға жуық автокөлікті экспорттаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 300 пайызға көп.



**Адам органдарын трансплантациялау бойынша Испания Еуроодақта көш бастан тұр.**

Бұл елде 10 отбасының 8-і қайтыс болған туысының ағзасын алуға рұқсатын береді. Испания жүрек қызметін тоқтата отырып, барлық ағза түрін ауыстыру бойынша операция жасайтын әлемдегі бірегей елдің бірі. Мұнда былтыр 5400 трансплантация отасы жасалған, оның 2 мыңға жуығында ағза мүшесі қайтыс болғандардан, ал 300-і тірі донордан алынды.

## ПАРАСПОРТШЫЛАР МЕРЕЙІН АСЫРДЫ

Елорда әкімдігінде Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Азия Параойындарына қатысқан қазақстандық спортшыларды марапаттау рәсімі өтті.



**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен рухы мықты спортшыларды құттықтады.

– Жүзде алған отандық спортшылардың саны мен сапасы бойынша ел рекорды жаңарды. Біздің параспортшылар алғаш рет дзюдо, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг спортынан алтын медаль алды. Отандық спортшылар 41 медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте 11-орыннан көрінді. Оның ішінде 8 алтын, 12 күміс, 21 қола медаль бар. Елордалық паралимпиадашылар ел мерейін асырып, өңірлер арасында медаль саны бойынша көш бастады. Олар: Ақмарал Науатбек пен Ерғали Шамейден – алтын медаль, Аслан Нұрәулетов, Бауыржан Арстанбеков күміс жүлдегер атанды.

Бұл – елордалық спортшылар үшін де жақсы көрсеткіш, – деді Есет Байкен.

Ерекше жандарды бұқаралық спортқа баулитын спорт мектебінің директоры Азамат Тағаев байрақты бәсекеде астаналық спортшылар 5 медаль жеңіп алғанын мақтан етті. – Елордада параспорт белсенді

дамып келеді. Азия ойындары кезінде дзюдодан 73 келіде 2 жерлесіміз финалға шықты. Тарихта тұңғыш рет беделді жарыстың финалында 2 қазақстандық өнер көрсетті. Бұл көптеген спортшы үшін мотивация болды. Сиязбек Далиевтің өнерін ерекше атап өткім келеді, соның арқасында эстафеталық жүзуден біздің команда 3-орынға ие болды. Азия ойындарына қатысқан спортшылар Париждегі екі жарыста еліміздің атынан өнер көрсетеді, – деді спорт мектебінің басшысы.

Парадзюдо командасының жетекшісі Айдын Анапин елордалық спортшылар екі алтын медаль иегері атанғанын, оның бірі шәкірті Ақмарал Науатбек екенін мақтанышпен айтты. Жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Сиязбек Далиев 14 жыл бойы Қазақстан құрамасында өнер көрсетіп келеді.

– IV Азия пара ойындары сияқты беделді жарыстарда еліміздің атынан шығу – үлкен мәртебе. Біз командалық өнер көрсетуде жұлделі 3-орынға ие болдық. Бір айдың ішінде паратаэквондодан алтын медаль, пара-жүзуден қола медаль жеңіп алдым. Қала басшылығы біздің еңбегімізді атап өткеніне қуаныштымын, – деді Сиязбек Далиев.

## ЖАСТАРҒА ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

Бас қалада жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау жұмысы 12 қарашада аяқталды.



Соңғы мәлімет бойынша қатысушылар zhilfond.kz порталына елорда тұрғындарынан бас-аяғы 5623 өтінім түсті. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы аясында жұмыс

істейтін жастарға 770 пәтер бөлінді. Азаматтарға өтінім статусы туралы ақпарат өтінім беру кезінде көрсетілген телефон нөміріне жіберіледі. Қорытынды zhilfond.kz сайтында жарияланады.















10

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№136 (4569) 16/11/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

20 ҚАРАША

QAZAQSTAN

- 6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-кереуен»
7:00 «ТАՆШОЛПАН».
10:00 AQRARAT
10:10 «Қилы күндер». Телехикия.

ASTANA TV

- 05:00 МЕГАХИТ. "НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ"
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "МЕКТЕП"
10:25 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ.

ASTANA TV

- 06:00 «Ене» үнді телехиикасы
06:20 «Қара шаңырақ» телехиикасы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм

ТК

- 6:00 «ТАМАША СИТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

КТК

- 07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехиикасы.

31

- 06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Жапырақтар төгілгенде»
10:00 «Великий Человек-паук»

7

- 06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:20 Т/х «Тақиясыз періште»
06:50 Т/п «АйнаопLINE»
07:20 Т/х «Бастық боламын»

НТК

- 07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикия «Бақытсыздар бағы»

СЕЙСЕНБІ

21 ҚАРАША

QAZAQSTAN

- 6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «ТАՆШОЛПАН».
10:00 AQRARAT

ASTANA TV

- 05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БӘСЕКЕ 2»
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "ШКОЛА"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.

ASTANA TV

- 06:00 «Ене» үнді телехиикасы
06:20 «Қара шаңырақ» телехиикасы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм

ТК

- 6:00 «ТАМАША СИТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

КТК

- 07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехиикасы.

31

- 06:00 Информбюро (повтор)
07:00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехиикасы (повтор)

7

- 06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:20 Т/х «Тақиясыз періште»
06:50 Т/п «АйнаопLINE»
07:20 Т/х «Бастық боламын»

НТК

- 07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикия «Бақытсыздар бағы»

СӘРСЕНБІ

22 ҚАРАША

QAZAQSTAN

- 6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛПАН».
10:10 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». ТЕЛЕХИКАЯ.

ASTANA TV

- 05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БӘСЕКЕ 2»
07:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН"
10:25 СПЕЦРЕП. "ПОСЛАНІЕ ПРЕЗИДЕНТА. ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ"

ASTANA TV

- 06:00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06:20 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯ
07:20 «МАША И МЕДВЕДЬ»
08:50 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯ

ТК

- 6:00 «ТАМАША СИТУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

КТК

- 07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08:00 «САҒЫНЫШ», ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯ.

31

- 06:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
07:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ»
10:00 «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»

7

- 06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:20 Т/х «Тақиясыз періште»
06:50 Т/п «АйнаопLINE»
07:20 Т/х «Бастық боламын»

- 23:10 Т/с «Все могло быть иначе»
00:10 Т/х «Күзғын»
01:10 Ток-шоу "Қыздар-Ай"

НТК

- 07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикия «Бақытсыздар бағы» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

23 ҚАРАША

QAZAQSTAN

- 6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».
10:00 AQRARAT

ASTANA TV

- 05:00 Телехикия. «Бәсеке 2»
07:00 Тикелей эфирде "Ояни"
10:00 "В фокусе"

ASTANA TV

- 06:00 «Ене» үнді телехиикасы
06:20 «Қара шаңырақ» телехиикасы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм

СУРЕТ СЫРЫ

ЕЛ ТАНЫҒАН ТҮЛҒАЛАР

1983 жылдың тамыз айында түсірілген бұл суретте есімдері қазақ халқына кеңінен танымал үш адамды бөліп айтуға болады. Оның біріншісі – оң жақтан екінші тұрған, кезінде Қазақ ССР-і мәдениет министрі болған Жексенбек Еркінбеков.

Алаштың арыс мінезді тұлғасы Жексекең башылық қызметте жүргенде талай өнер адамының бағын ашып, әділ бағасын беріпті. Бұл туралы оның замандастары өз естеліктерінде талай рет жазды.

Суретте ел азаматтарының Целиноград облыстық алқалы бір конференцияда бас қосқан сәті. Оңнан солға

қарай облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары С.Темірболатов, Қазақ ССР-і мәдениет министрі Жексенбек Еркінбеков, жазушы Мәди Хасенов, композитор Кенжебек Күмісбеков және облыстық байланыс басқармасы бастығының орынбасары О.Әбілқасымов.

Сағи ОРАЛ

Сурет ҚР Кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен алынды.



«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын кепіл мүлкін соттан тыс сатуды жүзеге асырады. Ломбардтарда ашық аукционда сату арқылы, зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті. Толығырақ vs1.kz/torgi



## МУҚАН ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛЕРІНІҢ МУЗЫКАСЫ



21 қараша күні «Астана Опера» театрының үлкен залында Мұқан Төлебаевтың 110 жылдығына арналған Қазақстан композиторларының вокалды-симфониялық шығармаларынан салтанатты концерт болады.

Кеште Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди сияқты Қазақстан композиторлар одағының негізін салған тұлғалармен бірге заманауи авторлар Владимир Стригоцкий-Пак, Балнұр Қыдырбек, Бейбіт Дәлденбай, Серікжан Әбдінұров, Абзал Мұхитдинов, Әлқуат Қазақбаевтың шығармалары, жас композиторлар Әліби Әбдінұров және Арман Жайымның туындылары орындалады. Әліби Әбдінұровтың скрипка мен оркестрге арналған концерттің әлемдік премьерасы мерейтой шарасына арнайы жазылды. Ұйымдастырушылардың хабарлауынша, осы концерттен 84 жылдық тарихы бар Қазақстан композиторлар одағының өсуі, дамуы, өркендеу жолы, буын сабақтастығын көруге болады.

Концерт аясында Мұқан Төлебаевтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсынан үзінділер, сондай-ақ автордың «Тос мені, тос», «Кестелі орамал» танымал романстары ұсынылады. А.Жұбанов пен Л.Хамидидің аттас операсынан Абайдың ариясы, Ә.Қазақбаевтың «Жамбыл жырау» операсынан Сүйінбайдың термесі, А.Жайымов пен А.Жайымның «Бейбарыс» операсынан Бейбарыстың ариясы, А.Мұхитдиннің «Әл-Фараби» операсынан «Гүлдер бий» шырқалады. Сондай-ақ В.Стригоцкий-Пактың «Кенесары» симфониялық поэмасы, Б.Қыдырбектің «Реквиемі», Б.Дәлденбайдың «Ел бақыты» вокалды-симфониялық одасы орындалады.

## КОМАНДА ЖАСАҚТАЛДЫ

«Алау» мұзайдынында Astana Open қалалық ашық чемпионатына елдің әр өңірлерінен келген 260-қа жуық үздік мәнерлеп сырғанаудан бақ сынады.



– Қалалық ашық чемпионат елордада үшінші жыл қатарынан өтті. Биыл жарысқа балалар мен жасөспірімдер, сондай-ақ спорт шебері мен спорт шеберіне үміткерлер қатысты. Жеке разрядтағы жарыстар Халықаралық конькишілер одағының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. Ашық чемпионатына қатысуға Астана, Алматы қалаларымен қатар Қарағанды, Атырау, Қостанай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облысынан 260-қа жуық өтінім түскен. Жас конькимен жүгірушілердің қатары жарысқа арнайы шақырылған халықаралық төрешілер бағалады. Бұл іс-шара алдағы уақытта да

дәстүрлі түрде өткізілетін болады, – дейді спорт басқармасының баспасөз хатшысы Мадина Айтқалиева.

Чемпионат қорытындысы бойынша 16 мықты спортшы елорданың құрама командасына алынады.

– Мақсат – Астана қаласының құрама командасын жасақтау. 13-16 желтоқсанда үздік таңылғандар Алматы қаласында өтетін Қазақстан чемпионатында өнер көрсетеді. Сондықтан талантты, талапты спортшыларды таңдауға мән береміз, – деді Астана қаласының Мәнерлеп сырғанау федерациясының президенті Эльмира Тұрғанова.

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

**СЕНИ САҒЫНДЫМ...**

17 қараша 19:00

Ә.Мәмбетов театры

**ТЫРАУ-ТЫРАУ, ТЫРНАЛАР...**

19 қараша 19:00

Жастар театры

**МОЦАРТ**

19 қараша 18:00

Astana Opera

## ТЕАТР САҢЛАҒЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының 32 жылдығына орай театр негізін қалаушы актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, еңбек ардагері Шәмлі Жүнісов еске алу мақсатында сахна шеберінің он жыл бойы тұрған Ж.Жирентаев көшесіндегі үйге ескерткіш-тақта орнатылды.



Шығармашылық ғұмырын ұлттық театр сахнасында өткерген өнер майталманы 200-ге тарта рөлдерде ойнады. Шәмлі Жүнісов дүниеге әкелген рөлдер – бірін-бірі қайталамайтын, бір-біріне өсте ұқсамайтын кейіпкерлер бейнесінің легі.

Жиынды қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Жалмағамбетова ашып, Шәмлі Сыздықұлының мұрасы жайында сөз сөйледі.

Жиын барысында елордамыздағы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының негізін қалаушылары Рымкеш Омарханова, Болат Ыбыраев, Мұрат Мақсұтов сөз сөйлеп, әріптестері Шәмлі Жүнісовті еске алды.

Салтанатты жиында Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының директоры Айболат Жанғалиұлы осы шараны ұйымдастыруға қолдау білдірген сахна саңлағының жары Ғалия Давыдқызына, театр қызметкерлеріне, Астана қаласы Мәдениет басқармасына, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне ризашылығын білдіре келіп, «Бүгін ерекше тарихи күн. Өткенді саралап, болашаққа бағдар жасайтын, бір-бірімізді бағалайтын күн деп білемін. Шәмлі Жүнісов ағамызға арнап ескерткіш-тақта орнатылды. Осы шараның басты қолдаушысы Ғалия Давыдқызына алғысымды білдіремін» деді.

Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## ЕЛОРДАЛЫҚ ДЗЮДОШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ ҚАНДАЙ?

Астанада дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан чемпионаты аяқталды. Оған елдің түкпір-түкпірінен 463 спортшы келіп, чемпиондық атақ үшін бақ сынады.

Қазақстанның аралас-командалық чемпионатына барлығы 17 команда қатысты. Нәтижесінде Қызылорда облысы үздік атанды. Финалда қарсыласына жол берген Қарағанды облысы күмісті місе тұтса, Алматы облысы мен Атырау құрама командалары үшінші орынды өзара бөлісті. Ал Қазақстан чемпионатының жекелей жарыс нәтижесі бойынша Жетісу облысы 3

алтын, 2 күміс медаль алып, топ жарды. Ақтөбе облысы 3 алтынмен екінші, Маңғыстау 2 алтын медальмен үшінші орынға жайғасты.

Әйелдер мен ерлер жеті салмақта бойынша өнер көрсетсе, елордалық нәзік жандарға жүлде бұйырмады. Ал ерлер арасында өз салмағында Ержан Еренғайыпов, Мәди Амангелді, Ермахан Естай жүлде алды.

